

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 шілдедегі N 1006 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 996 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 қазандағы № 798 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 24.10.2019 № 798 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қару мен әскери техниканы пайдалануға құқылы субъектілерді айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 шілдедегі N 1006 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қару мен әскери техниканы пайдалануға құқылы субъектілердің тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 11-жолмен толықтырылсын:

"11. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны".

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі осы қаулыны іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі